

Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 500 қаулысы

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 17-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес офицерлік құрамның лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскери қызметке жарамды және оны өткермеген запастағы офицерлер заңнамада белгіленген тәртіппен 2004 жылы үш жыл мерзімге әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 5 м а м ы р д а ғ ы

N 5 0 0 қ а у л ы с ы н а

қосымша

2004 жылы әскери қызметке шақырылуға жататын әскери есепке алу мамандықтары бойынша запастағы офицерлердің саны

р/с N	Әскери есепке алу мамандығы	Саны
	Офицер	
1	мотоатқыштар әскерлері	43
2	артиллерист	54
3	радиотехникалық және әуе қорғанысы әскерлері	15
4	әскери әуе күштері	5
5	автомобиль әскерлері	8
6	б а й л а н ы с	9
7	медицина қызметі	25
8	т ы л	4
9	тәрбиелік және құқықтық жұмыс бойынша	45
10	ж у р н а л и с т	10

11	химиялық әскерлер				10
12	Қазақстан Республикасының әскери полициясының заңгері	Қарулы	Күштері		20
13	Қазақстан Республикасының прокуратурасының заңгері		әскери		30
14	Қазақстан Республикасының министрлігінің әскери-тергеу заңгері	Ішкі	істер	департаментінің	20
15	Қазақстан Республикасы министрлігінің ішкі әскерлері	Ішкі	істер		10
16	Қазақстан Республикасының комитетінің шекара қызметі	Ұлттық	қауіпсіздік		150
17	Қазақстан Республикасының жөніндегі агенттігі	Төтенше	жағдайлар		4
	Барлығы				462